

Халықтың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы

Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы № 80 қаулысы. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 8 сәуірде № 9-6-75 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Аманкелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына кіретін жұмыссыздардың қосымшаға сәйкес тізбесі бекітілсін.

2. "Аманкелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі есепте тұрған жұмыссыз, халықтың нысаналы топтарын бірінші кезекте бос жұмыс орындарына жұмысқа тұруға, кәсіптік дайындықтан өтуге, біліктілігін арттыруға, ақылы қоғамдық жұмысқа қатысуға және басқада әлеуметтік қорғау шараларын көрсетуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Хайруллинге жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

А м а н к е л д і а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 0 н а у р ы з д а ғ ы

№ 80 қаулысына қосымша

Халықтың нысаналы топтарына кіретін жұмыссыздардың тізбесі

1. Табысы аз адамдар (кедейшілік негізіне дейінгі кірісімен);

2. 21 жасқа дейінгі жастар;

3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар;

4. Кәмлетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы

а т а - а н а л а р ;

5. Қазақстан Республикасының Заңдарына белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдары бар азаматтар ;

6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;

7 . М ү г е д е к т е р ;

8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар ;

1 0 . О р а л м а н д а р ;

11. Ұзақ мерзім жұмыс істемеген азаматтар;

12. Елу жастан асқан адамдар жатады.